

### **Тарихи тұлғалар туралы поэмалардың романтикалық-психологиялық сипаты (3. Шүкіровтің «Адам мен тағдыр» поэмасы бойынша)**

Қазақ поэзиясының өзекті мәселелерін ұлттық және жалпы әлемдік әдеби үдеріспен сабақтастық жағдайында қарастырудың бірқатар поэтикалық жүйесі саралана көрінеді: біріншісі – жанрлар тектестігіне ортақ поэтикалық ерекшеліктер болмысы; екіншісі – лирикалық, эпикалық шығармалар арқауына алынатын тарихи тұлғалар тағдырларының ортақтығы. Бұл арада әлем әдебиетіндегі көрнекті ақындар шығармаларындағы мазмұн мен пішін жүйесінің бір ғана ұлттық көлемі емес, әлем әдебиеті классикалық үрдісімен жырлануы жағдайын есепке аламыз. Әлем әдебиетінің қалыптасуы мен дамуы жолында көрнекті қаламгерлер қалыптастырған дәстүрлі үрдіс – эпикалық шығарма арқауында басқа халықтар тарихындағы дара тұлғалардың әдеби көркем бейнелерін сомдау. Бұл орайда, біз әлем әдебиеті алыптарының классикалық мұраларындағы үлгілерді назарға аламыз. Мысалы, «Александр Македонский (Alexandros ho Medas), (б.з.б. 356–шілде, Пелла – б.з.б. 13.6.323, Бабыл)» - [1, 322-б.] туралы фольклорлық аңыз әңгімелерде, көркем әдебиет шығармаларында (Ә.Фирдоусидің «Шахнамасындағы» бөлім, Г.Низамидің «Ескендірнамасы», Ә.Науайдің «Ескендір қорғаны», хакім Абайдың «Ескендір», т.б.) бейнеленді. Бұл – тарихи тұлғаның көркем шындықпен бейнелену үлгісі. Басқа халықтардың тарихы, дүниетанымы, жеке тұлғалары туралы жырлауда әлем әдебиеті классикалық мұраларындағы көптеген туындыларды айта аламыз. Мысалы, И. В. Гетенің «Батыс-шығыс диваны», Дж. Г. Байронның «Мазепа», «Шильон тұтқыны», «Теңіз көкжалы», («Корсар»), «Дон Жуан», С. Сейфуллиннің «Чжан-Цзо-Лин, С. Мұқановтың «Жұпархан», И. Байзақовтың «Клеопатра», Қ. Жармағамбетовтің балладалары «Галилей», «Фирдоуси», «Вавилон оқиғасы», М. Мақатаевтың «Мавр», Т. Айбергеновтің «Космонавт монологы», Ө. Нұрғалиевтің «Гераклиттің көз жасы» және т.б. кейінгі әдеби үдеріс жолында эпикалық және лиро-эпикалық сарынды шығармалар жазу жалғасуда. Бұл – әлем әдебиеті дамуындағы поэтикалық үндестік көрінісі. Қазақ әдебиеті тарихына лирикалық өлеңдерімен, поэмаларымен, прозалық туындыларымен мол үлес қосқан көрнекті қаламгер Зейнолла Шүкіровтің (1927-1979) сөз арқауындағы эпикалық поэзия дәстүрінде де өзіндік өрнектері бар. Қаламгердің ұлттық әдебиет тарихындағы ең негізгі шығармашылық тұлғасы поэзиялық туындылары арқылы танылды. Оның ішінде поэма жанрындағы мұралары да эпикалық жанрды игерудегі шығармашылық шеберлік деңгейін айқындайды.

Академик З. Қабдоловтың поэманың жанрлық поэтикалық ерекшелігі туралы тұжырым әдебиеттанудағы негізгі дәйектеміз. «...Змірде болған, не болуға тиіс күрделі құбылыстар мен келелі оқиғаларды, алуан-алуан адам тағдыры мен заман шындығын көлемді, желілі, эпикалық не лирикалық сипатты өлеңмен суреттеу. Поэмалар түрлі-түрлі: сюжетті поэмалар да, сюжетсіз поэмалар да болады. Поэмаларда жасалатын адам образдары да әр

алуан: эпикалық образ да, лирикалық образ да, реалистік образ да болады. ...Поэма – қазіргі қазақ поэзиясындағы мол өркендеп, кең өріске шыққан шешуші жанрлық түрлердің бірі» [2, 313-б.]. Бұл – сөз арқауындағы поэмалар поэтикасына да қатысты пікір.

Ақын Зейнолла Шүкіровтің поэмалары («Адам мен тағдыр», «Аня», «Жүрекке әмір жүрмейді», «Орамал», «Дауыл», «Алау», «Араша», «Олимпиада», «Клеопатра», «Нағыз гүл», т.б.) да поэтикалық сипаттарының әралуандығымен, күрделілігімен ерекшеленеді. поэмаларда қазақ ақынының эпикалық жанр аясында өзге халықтар өкілдерінің әдеби бейнелерін жырлағанын оқимыз. Бұл – сөз арқауындағы әлем әдебиеті көркемдік дәстүрінің қазақ поэзиясында жалғасқан көрсеткіші.

Көркем шығармалардың барлығының да көркемдік негізі – өмір шындығы. Өмір шындығы – әдеби туындыдағы реалистік сипаттың басты ұстанымы. Поэзиялық шығармалардағы романтикалық кейіпкерлердің сомдалуында ақындар халықтың ежелгі замандардан жадында сақталған, кейінгі ұрпақтардың санасында сақталған тарихи тұлғалардың адамзатқа өнеге, үлгі болатын ерлік, қаһармандық істерін көркем шындықпен жырлайды. 3. Шүкіровтің «Адам мен тағдыр» поэмасы автордың «Н. Островскийге арнаймын!» сөзімен берілген. Поэманың тақырыбы – тарихи тұлғаның әдеби көркем бейнесін сомдау, идеясы – күрескер адамдарға тән рухани күш-қуат ұлағатын таныту. Поэмада бейнеленген басты кейіпкердің түптұлғасы (прототипі) – «Островский Николай Александрович (1904-1936) - ... көзі көрмесе де, төсекте жатса да «Құрыш қалай шынықты» (1932-34), «Дауылдан туғандар» (1936) романдарын жазған жазушы» [3, с.946].

«Адам мен тағдыр» – психологиялық поэма. Шығарма арқауындағы романтикалық кейіпкердің мүгедектік құрсауындағы хал-ахуалы психологиялық сипатымен өрнектелген. Бір кездері аяқтарын алшаң басқан, мүмкін болған мекендерді шарлаған екі аяғын енді баса алмайтын, тәуліктерде де, апталарда да, айларда да, жылдарда да адамдардың назарында болатын Күнді де, Айды да, жұлдыздарды да, аспанды да, тауды да, орманды да, табиғаттағы адамдарды да, жануарларды да, аң-құстарды да, өсімдіктерді де, т.б. – бәрін де көрмейтін мүгедектікке ұшырау – адамның трагедиялық тағдыры. Өзін қоршаған тіршіліктің ортасында дәрменсіз, қозғалыссыз денесіне ғана айналу - адамның жан жүйесін қасірет теңізіне батыратын ең ауыр хал-ахуалының көрінісі.

Поэма кейіпкері – жас жігіттің мүгедектік мүшкіл жағдайындағы психологиялық күйзелістері реалистік-романтикалық сарындар тұтастығымен бейнеленген.

Поэма кейіпкерінің өткені мен бүгінін сабақтастыра ойлануы, тағдырдың трагедиялық талқысына шыдамай өзін-өзі мерт еткісі келуі – кейіпкер психологиясындағы осалдану сәттерін таныту көрінісі:

Күйініш бой мұздатып сұрықты алып,  
Кеткендей кенет естен жігіт танып...  
Тірейді тапаншасын маңдайына,

Көк темір барады етін суық қарып [4, 236-б.].

Бұл – поэманың идеялық-көркемдік желісіндегі сюжеттік шиеленіс сәті. Поэманың идеялық-композициялық желісінде бастан-аяқ психологиялық шарттылықпен алынған «Тағдыр-мыстан» сипаты да адамдардың күреспен өтетін қиындықтарының көркем жинақталған болмысын аңғартады. Әуелде әлсіз де болса жазуға жараған қолдары қимылсыз, дімкес те болса аздап көретін көздері («Қол әлсіз, аяқ семген, көз де дімкес») [4, 217-б.] көрмей қалған, толықтай мүгедектік жағдайға ұшыраған кейіпкер хал-ахуалының физиологиялық-психологиялық жай-күйін бейнелі метафоралық, символдық мағыналы бейнелеулермен жырлаған:

Тағдыр бір мыстан кемпір түк ұқпаған,  
Әдеті сүйегіне сіңіп қалған.  
Көл дария – кеңіп бейлі көңлі түссе,  
Шамданса – тас төбеңде бүлік салған.

Біреуді жау боп шапса шамырқанып,  
Біреулер қарық болған жарылқанып...  
Әйтеуір тағдыр-мыстан үйден-үйді.  
Адақтап бір тынбайды дамыл тауып.

Мыстан ол, бір құмардан шықпақ арман,  
Қырына бұл жігітті мықтап алған.  
«Не тірі, не өлі емес, көзі жайнап,  
Тек ғана жатса – дейді – шықпаған жан» [4, 219-220-бб.].

Психологиялық поэма сюжетінің шарықтау шегінде романтикалық кейіпкердің күресуге бел байлағаны, шығарма жазу еңбегімен өзін-өзі сақтауды, қатарға қосылуды, тіршілік майданындағы өзіндік тұлғасын сақтауды ойлаған қаһармандықпен рухтану, серпілу сезімін байқаймыз. Кейіпкердің жан ділі болмысындағы күрескер адам рухына тән қайсарлыққа, күрескерлікке толы буырқаныстың жоғалмайтынын таныту – шығарманың көркемдік шешімі. Бұл орайда поэманың сюжеттік-композициялық желісінің шарықтау шегінде кейіпкердің осы мүгедектік қалпымен де өмір сүру үшін күресуге бел буған қайраттанған, қайсарлықпен рухтанған романтикалық бейнесін елестетеміз:

...Күрес, сен, күресіп өл жау тағдырмен,  
Тағдыр жау, бетпе-бет кеп көрінбеген... [4, 216-б.]

...Көзінен қатал тағдыр жай ұшқындап,  
Әйтеуір қабырғасын қайыстырмақ.  
Қаруы қолда қалам, отыр жігіт,

Кім жеңбек, қашан мынау сайыс тынбақ... [4, 217-б.]

Шығарма сюжетінің шешімі – жазуы арқылы тіршілік қозғалысындағы өзіндік үлесін қосу күресінде жеңіске жеткен кейіпкер тұлғасын даралай таныту («Ол бірақ морт сынған жоқ майрылғанмен, басынып, қатал тағдыр, күлме кекті!») [4, 219-б.]. Қаһарман рухты, қайсар адамдардың барлық уақытта да демеушілері, қолдаушылары – ізгі ниетті жақсы адамдар. Кейіпкердің әбден тосылған, шарасыз халге жеткен кезінде оның айтып отырған сөздерін қағазға жазуға көмектесетін хатшы қыз Галяның бейнесі де романтикалық сипатымен көрінеді. Өмір шындығы мен көркем шындықтың тұтасқан поэтикалық бейнелеулерімен өрнектелген жыр жолдары бірін-бірі демеген, рухтандырған ізгі ниетті жақсы адамдардың бірлескен іс-әрекеттерінің тіршілікті дамытқан ұлағатын айғақтайды:

...Жүзінде қайта бүгін қан тасыған,  
Төсекте жатыр әне шалқасынан.  
Күн ұзын қоңыр үні бір тынбайды,  
Шыдайды қинаса да науқасы жан.

Қасқайып кеудесінен зар шығармай,  
Туған жан тағдырына қарсы қалай?  
Қағаздан тіпті басын көтермейді,  
Қасында мына қыз да қаршығадай.

...Жас қызда қарттан бетер сабыр, тағат,  
Әлде бір науқас жанды жарылқамақ.  
Қағазға түсіреді жігіт сөзін.  
Аузынан шыққан күйі қабылдап ап.

Зерікпес кім көріпті ондай жанды,  
Үстелге әлде мықтап ол байланды,  
Қолынан осы қыздың шыққан қағаз,  
Қалыңдап күннен күнге томға айналды. [4,220-221-бб.]

Тарихи тұлғалар туралы поэмалардың жырлануында олар өмір сүрген кезеңдер келбеті мен адам жан ділі әлеміндегі романтикалық сарындар, психологиялық құбылыстар негізге алынады. Бұл орайда, ақын З.Шүкіровтің поэмасындағы кейіпкер тағдырының поэтикалық бейнесін сомдауда әлем әдебиетіндегі азапқа ұшыраса да рухын жоғалтпаған, күрескерліктен айнымаған тарихи тұлғалар бейнеленген фольклор мен әдебиет мұралары да шығармашылық ықпал негізін құрағаны анық. Қазақ аңыздарындағы ажалды қобызының күйімен қарсы алған Қорқыт абыз [5], мал-мүлкінен, балаларынан, атақ-даңқынан айырылып, денесін ауру меңдеткенде де шыдамдылығынан, Аллаға мүнәжатынан жаңылмаған Айып пайғамбар [6, 137-140-бб.], адамдарға тіршілік отын бергені үшін шынжырланып, кеудесін

бүркіт шоқыған Прометей [7] және т.б. тарихи-аңыздық тұлғалар тағылымы әлем әдебиеті үдерісінде мәңгілік жырланумен келеді. Ақын З.Шүкіров поэмасындағы кейіпкердің мүгедек қалпында жатса да бойындағы дарынын шығарма жазу арқылы жүзеге асыруға жұмсаған қажырлы іс-әрекетін адамзат тарихының өр рухты, қайсар мінезді күрескерлер тағдырымен сабақтас сипатымен бағалаймыз.

Қорыта айтқанда, көрнекті ақын З. Шүкіровтің «Адам мен ақын» поэмасы қазақ поэзиясындағы романтикалық-психологиялық сипатты көркем эпикалық туынды болып саналады.

**Назгүл Бердіқожа**, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Қорқыттану және өлке тарихы» ҒЗИ ғылыми қызметкері